

2011 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 04 ақпандағы N 80/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 01 наурызда N 12-3-289 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысы 2013 жылғы 29 қаңтардағы N 24/1-23/88 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысы 29.01.2013 N 24/1-23/88 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесіне сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі есепте тұрған жұмыссыздарды жұмыспен қамту үшін қала кәсіпорындарында және ұйымдарында (келісім бойынша) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырсын.

2. Қоғамдық жұмыстардың түрлері 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін уақытша жұмыс орындарын құруға тартылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі және оларды қаржыландыру көздері 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Осы қаулының 1-қосымшасындағы 1, 2, 3-тармақтарында көрсетілген жұмыстарды орындалуын қамтамасыз ететін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін тартылатын басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес өткізілген конкурстардың қорытындылары бойынша анықталсын.

5. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жұмыс берушілер арасында келісімшартты жасарда қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру тәртібі мен ш а р т т а р ы р е т т е л с і н .

6. Жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарға қатысу мерзімі жұмысқа

кабылданған күннен 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары **Ғ.А. Оспанқұловқа** жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарда таратылады.

Екібастұз қаласының әкімі **А. Вербняк**

КЕЛІСІЛДІ:

Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасының бастығы

2011 жылғы 03 ақпан **А. Күзеков**

Екібастұз қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 04 ақпандағы N 80/1 қаулысына
1 қосымша

Қоғамдық жұмыс түрлерінің тізбесі

N p/c	Қоғамдық жұмыс түрлері
1	Өңірдің елді мекендер аумағын абаттандыру, соның ішінде:
1.1	Аймақты қоқыстан қолмен тазалау жұмыстары
1.2	Аймақты қардан және көктайпақтан қолмен тазалау жұмыстары
1.3	Контейнер алаңдарынан қоқысты шығару және жинау, тұрмыстық қатты қалдықтардың полигонында кезекшілік
1.4	Ұйымдастарылмаған қоқыс орындарын жою
2	Жолдарды, инженерлік қатынастарды, су құбырларын жөндеуге қатысу, соның ішінде:
2.1	Көше жол желілерін ұстау
3	Аймақты экологиялық сауықтыру, соның ішінде:
3.1	Саябақтарды және көшебақтарды ұстау, саябақ шаруашылығын және демалу аймақтарын сақтау
3.2	Көшебақтарды бөлу, ағаш отырғызу, ағаштарды қалыппен кесу және орнына келтіру, жасыл көшеттер отырғызу және суару
4	Республикалық және аймақтық қоғамдық компанияларды өткізуге қатысу
4.1	Муниципалдық округтердегі халықпен жұмыс
5	Жұмыстың басқа түрлері:
5.1	Есірткіге тәуелді азаматтармен жұмыс
5.2	Лифтілермен жабдықталған үйлердің кірешектерін тексеру, жинау және лифтілерді қажетті санитарлы жағдайда ұстау
5.3	Жұмыс бойынша ұсыныммен дәрігерлік комиссия кеңесінің анықтамасы бар жұмыссыздар үшін арнайы қоғамдық жұмыстар

Екібастұз қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 04 ақпандағы N 80/1 қаулысына
2 қосымша

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін тартылатын ұйымдар мен кәсіпорындардың тізбесі

№ п/п	Кәсіпорындар мен ұйымдар тізбесі	Жұмыс көлемі	Қоғамдық жұмыстардың талаптары	Еңбек төлемінің көлемі	Қаржыландыру көздері
1	"Екібастұз қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомствоға қарасты ұйымдары және кәсіпорындары	Жұмыс берушінің тапсырысына сәйкес	Кәсіпорындармен, ұйымдармен келісімшарттың негізінде	Ең төменгі еңбекақы	Қалалық бю, жұмыс берушілерді қаражаты
2	Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасы мемлекеттік мекемесінің ведомствоға қарасты ұйымдары және кәсіпорындары (келісім бойынша)	Жұмыс берушінің тапсырысына сәйкес	Кәсіпорындармен, ұйымдармен келісімшарттың негізінде	Ең төменгі еңбекақы	Қалалық бю, жұмыс берушілерді қаражаты
3	"Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомствоға қарасты ұйымдары және кәсіпорындары	Жұмыс берушінің тапсырысына сәйкес	Кәсіпорындармен, ұйымдармен келісімшарттың негізінде	Ең төменгі еңбекақы	Қалалық бю, жұмыс берушілерді қаражаты
4	"Екібастұзлифт ЖШС"	Жұмыс берушінің тапсырысына сәйкес	Кәсіпорындармен, ұйымдармен келісімшарттың негізінде	Ең төменгі еңбекақы	Қалалық бю, жұмыс берушілерді қаражаты